



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

здоровью или оскорбил чью-то честь и достоинство, компенсировать вред нужно будет в виде определённой денежной суммы.

Если виновному лицу нет 14 лет – гражданскую ответственность за причинённый вред будут нести родители или опекуны.

Если виновному лицу от 14 до 18 лет – он сам должен будет возместить ущерб своим имуществом или заработком, а если нет заработка или его недостаточно – возмещать будут родители или опекуны.

К гражданской ответственности человек привлекается по решению суда. Это значит, что если несовершеннолетний и его родители не хотят добровольно возместить ущерб пострадавшему, он может обратиться в суд с иском к несовершеннолетнему и/или к его родителям. В гражданском процессе не предусмотрено мер пресечения, задержания и иных принудительных мер. Доказательства по делу собирают и представляют сам истец и ответчик. На родителей, лишённых родительских прав, суд может возложить ответственность в течение трёх лет после лишения родительских прав, если поведение ребёнка явилось следствием ненадлежащего осуществления родительских обязанностей.

Дисциплинарная ответственность несовершеннолетних. Она может применяться, только если несовершеннолетний работает по трудовому договору. Наступает она за нарушение трудовой дисциплины (опоздание, невыполнение своих обязанностей и т. д.). Существуют только три формы дисциплинарной ответственности: замечание, выговор и увольнение. Не может наступать дисциплинарная ответственность в виде удержаний из заработной платы или в иных формах. Однако если ты причинишь вред имуществу работодателя, может наступить материальная ответственность в форме возмещения ущерба. Указанные три меры ответственности налагаются приказом работодателя. Его можно обжаловать в трудовую инспекцию.

Список использованных источников.

1. Уголовный кодекс Российской Федерации от 13 июня 1996 г. № 63-ФЗ// Система ГАРАНТ: <http://base.garant.ru/10108000/#ixzz3VMQYiS6t>

2. Кодекс Российской Федерации об административных правонарушениях от 30 декабря 2001 г. № 195-ФЗ // Система ГАРАНТ: <http://base.garant.ru/10108000/#ixzz3VMQYiS6t>

ӘОЖ 347 961 (574)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ НОТАРИАТ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Шади Айнур Енбековна

Ainur.lawyer@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Заң факультеті магистранты

Ғылыми жетекшісі- С.Серикбекова

Нотариат азаматтар мен заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасы Конституциясымен кепілдендірілген құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға қызмет етеді. Нотариус қызметі және нотариалды рәсімделген құжаттар көпшілікпен танылуы дәлелдемелік күші кепілдендіріледі, себебі бұл іс-әрекеттер Қазақстан Республикасы атынан жасалады.

Нотариат даусыз құқықтар мен фактілерді растау, құжаттарды, олардың үзінділерін куәландыру, құжаттарға атқарушылық күш беру және азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында заңда көзделген басқа да іс-әрекеттерді және заңда көзделген тәртіппен орындау жүктелген

мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар жүйесін білдіреді. Нотариат қызметі сотпен тығыз байланысты. Бұл сот пен нотариаттың азаматтық айналымда субъективті құқықтарды қорғау және заңдылықты қамтамасыз ету жөніндегі ортақ міндеттерімен түсіндіріледі. Азаматтық процесте құқық туралы дауларды қарайтын соттан айырмашылығы нотариат азаматтық құқықтарды заңдық тұрғыда бекітуге және болашақта оның ықтимал бұзылуын болдырмауға бағытталған функцияларды орындайды, осылайша нотариат қызметі алдын алу сипатына ие. Азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтарын, олардың заңды мүдделерін қорғау нотариустың заңда көзделген нотариаттық іс-әрекеттерді жасауы арқылы жүзеге асырылады. Нотариаттық іс-әрекеттер, егер бұл әрекеттер алдын ала заңмен белгіленген ережелерге сәйкес жасалған жағдайда, даусыз құқықтар мен мүдделерді тиімді қорғауды әрі күзетуді қамтамасыз етеді. Нотариат қызметі қатысушылары арасында табиғаты бойынша құқық қатынасы болатын нотариаттық рәсімдік, процессуалды мазмұнды қамтитын өзара құқықтар мен міндеттер туындайды. Осы құқық қатынастарына қатысушылардың құқықтары мен міндеттері, бір жағынан, нотариаттық іс-әрекет жасау кезінде азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қорғауға кепілдік береді, ал екінші жағынан – нотариаттық функцияларды іске асыруды қамтамасыз етеді.

Нотариус дәлелдемелердің көмегімен нақты нотариаттық іс-әрекет бойынша нақты мән-жайларды анықтап, тиісті құқық нормасын қолдануға міндетті. Барлық іс-әрекеттер алдын ала белгіленген ретпен және қатаң регламенттелген ереже бойынша жасалады, олардан жаңылу нотариаттық актінің жарамсыздығына әкеледі. [2] Нотариаттың құқықтық қызметінің табиғатын айқындайтын белгісі деп заңи құзырлық, құқық қорғау функциясын санауға болады. Бұл функция нотариатты ұйымдастыру тәртібі мен құрылымын, оның құзыреті мен оның қызметінің құқықтық ерекшелігі.

Нотариус әрбір нотариалдық қызметті іске асыруда тек қана қолданыстағы заңға бағынады, оған жүгінген азаматтар мен заңды тұлғалардың мүдделерін тең дәрежеде сақтап, өз алдына шешім қабылдай алады. Өз кәсіби міндеттерін орындауда нотариустың қызметіне ешкімнің араласуға құқығы жоқ. [7, б.34]

1997 жылғы 14 шілдедегі «Нотариат туралы» ҚР Заңы нотариалдық әрекеттерді жүзеге асыру арқылы жеке және заңды тұлғалардың мүдделері мен құқықтарын қорғауға заңды бекітілген жүйесі, құқықтар мен фактілерді анықтауға бағытталған, сондай-ақ басқа да міндеттерді іске асыруды көздейді. Қазақстан Республикасының нотариаты қазіргі кезеңдегі азаматтық-құқықтық қатынастардың институты болып табылады. [2]

Заңгерлік көмек көрсету жүйесінің жетілдіруді талап етеді. Маңызды міндеттерінің бірі-нотариат қызметінің жүйесін жетілдіру. Нотариаттың азаматтық айналымдағы қатынастардың қосымша тұрақтылығын және заңдық қауіпсіздігін, азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін сапалы қорғауды қамтамасыз ететін құқықтық инфрақұрылымның бір бөлігі ретіндегі рөлін нормативтік-құқықтық айқындау қажет. Нотариаттың ұлттық моделі нотариаттың көмегіне барлық ел аумағында қол жеткізуді қамтамасыз етуге тиіс. [7, б.23]

Бірыңғай нотариалдық ақпараттық жүйе - бұл бағдарламалық-аппараттық комплекс нотариустарды тиімді жұмыспен қамтамасыздандыру және республикалық, территориялды нотариалды палаталармен, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен өзара әрекетін, сонымен қатар халықты сапалы, құқықтық нотариалдық қызметпен қамтамасыздандыру үшін жасалған. [3,4]

Мемлекет басшысының әкімшілік тосқауылдарды азайту және тіркеу тәртібін оңтайландыру бойынша шаралар қолданылу тапсырмасын іске асыру мақсатында Әділет органдарымен халық мүдделері үшін өзгертулер енгізілді. Халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы электрондық түрде ақпараттық қызмет беру практикасы енгізілген, мұндай өзгерістер халыққа ақпараттық қызмет көрсету уақытын бірнеше күннен жарты сағатқа дейін қысқартты. Қазақстанда жылжымайтын мүлік нарығы ұлттық экономиканың құрамдас бөлігінің бірі болып табылады. Жылжымайтын мүлік нарығы – ол, жылжымайтын мүлік объектілері және оған құқықтардың азаматтық айналымы жүргізілетін, нарықтық

қарым-қатынастың ерекше саласы. 2013 жылы жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді – мәміле нотариалдық куәландырылғаннан кейін, автоматты түрде бірінғай ақпараттық нотариалды жүйесінен құқықтық кадастрдың ақпараттық жүйесіне түсуіне байланысты құқықтарын растайтын құжаттар көшірмелері негізінде жүзеге асырылатын электрондық тіркеу енгізілді. Электрондық тіркеу – бұл мемлекеттік деректер базасына автоматты түрде келісім шартты нотариаттық куәландырғаннан кейін бірінғай нотариаттық ақпараттық жүйеден (БНАЖ) келіп түсетін құқық белгілеуші құжаттардың электронды көшірмелері негізінде жүзеге асыратын жылжымайтын мүлікке құқықтарды электронды түрде тіркеуді енгізу.[4,5,6]

Нотариат қызметінің азаматтық қоғамдағы маңызы өте зор. Нотариустар адамдарға толық меншік иесі болуына көмектеседі, құқықтық тәртіптің орнауына белсенді қатысады. Шынымен де, қазіргі кездегі жаңа меншік құқықтық қатынастарының пайда болуына байланысты көптеген азаматтар нотариустың көмегіне жүгінеді. Өйткені нотариус заңды тұлғалар мен азаматтардың заңды мүдделері мен сөзсіз құқықтарының кепілі болып табылады. [7, б.25]

Нотариат қызметінің сапасын жоғары деңгейде сақталуы нотариат кәсіби біліктілігінің деңгейін көтеруде көп жұмыс атқару қажет. Бұл әсіресе құқықтық ая тез өзгеріп жатқан жағдайда өзекті. Өйткені нотариус қызметі алдымен азаматтардың және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған. Бұл өте маңызды әрі жауапты қызмет. Нотариаттық іс-әрекеттерді жасау барысында нотариус өзінің жеке меншігімен жауап береді. Нотариаттың басты мақсаты адамдар мен ұйымдарға көмек көрсету. Оларға дұрыс әрі заңды қарым-қатынастарды орнатуға болысу.

Қазіргі таңда нотариус өз жұмыс орнында отырып, негізгі қызметіннен бөгелмей Интернеттің аркасында семинар, вебинар жұмыстарына қатысу үлкен жетістік болып саналады. Нотариат инновациялық технологияларды пайдалана отырып, үлкен қадам жасағаны қуанышты мәселе. Күнделікті нотариустар қызмет барысында компьютерлер мен жаңа технологияларды жан-жақты пайдаланады. Республикалық нотариаттық палатаның жанынан құрылған нотариустардың біліктілігін көтеру орталығы бастаған онлайн вебинарлар нотариустардың кәсіби дамуының ыңғайлы тәсіліне айналды. Бүгін нотариаттық тәжірибеде кездесетін түйінді мәселелердің шешімдері қарастырылып, олардың шешу қолайлы жолдарын талқылау мүмкіншілігіне ие. Аталған жұмысқа сарапшыларды, ғалым заңгерлерді, тәжірибесі мол нотариустарды шақыру, оқыту бағдарламасын тиімді құрастыру едәуір күш талап етеді.

Заң қызметі нарығын реттеудегі нотариаттың мәні мен рөлі ерекше. Отандық нотариат өзінің құзіретін жүзеге асыра отырып, әрдайым қоғам мен мемлекетке қызмет етуге ұмтылады, өйткені нотариат ҚР заңнамасына сәйкес азаматтардың құқықтары мен заңды қызығушылықтарын қорғауды қамтамасыз ететін институт. Нотариат қызметі саласы нормативті-құқықтық актілермен реттеледі. Сонымен қатар, нотариат қоғамдық қатынастардың құқықтық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік құқық қорғау қызметтерін жүзеге асыру механизмі болып табылады.

Қазақстандық нотариаттың қазіргі жағдайы мен оның даму тенденциялары нотариаттық қызметті жетілдіру қажеттілігі, нотариат туралы заңнамаға таңбалы өзгерістерді ғана енгізумен шектелмеуі, нотариатты жетілдіру бағдарламасын қабылдауға итермелейтін шараларға қол жеткізу қажеттілігі.[4]

Нотариат қызметінің азаматтық қоғамдағы маңызы өте зор. Нотариустар адамдарға толық меншік иесі болуына көмектеседі, құқықтық тәртіптің орнауына белсенді қатысады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы Конституциясы 30 тамыз 1995 жыл (өзгерістер мен толықтырулармен).
2. 1997 жылдың 14 шілдесінде №155 Қазақстан Республикасының «Нотариат туралы» Заңы.

3. Бірыңғай нотариалдық ақпараттық жүйе// [http:// www.enis.kz](http://www.enis.kz)
 4. Республикалық нотариаттық палатаның ресми сайты
 5. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әртүрлі заңнамалық актілердің құқық нормалары арасындағы қайшылықтарды, олқылықтарды, коллизияларды және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін нормаларды жою мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 27 сәуірдегі № 15-V Заңы; <http://www.notariat.kz//>
- «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік маңызы бар мемлекеттік қызметтерді оңтайландыру мен автоматтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 8 қаңтардағы № 64-V Заңы. //Рахметова Г.Р.«Қазақстан Республикасының Нотариаты» //Оқулық// Алматы,2012

11.2 Трудовое право

ӘОЖ 331.556(574)

ЕҢБЕК МИГРАЦИЯСЫ ҚАЗАҚСТАНДА

Абдрахметова Алуа Бақытбекқызы

abdrahmetova.alua@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің 1-ші курс магистранты
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші- з.ғ.к.,доцент Серикбекова С.Б.

Миграция және еңбек миграциясы жаһанданушы әлемнің заңдылықты әлеуметтік-экономикалық және саяси, мәдени құбылысына айналып алды. Ол әлем елдері арасындағы және ұлттық мемлекеттердің өз ішіндегі әлеуметтік қатынастардың аса маңызды және елеулі ықпалды факторы болып отыр. Халықаралық еңбек Ұйымының есебі бойынша қазіргі жағдайда 300 млн. адам көшіп қонушылар қатарында, ал оның 105 млн. өз елінен сыртқы қоғамдық ортадағы айналымда жүр. Неліктен? Біріншіден, әлем елдерінің бай және кедей болып бөлініп отыруынан. Жұмыссыздық, кедейшілік, күн көріс көзін іздетеді, тіпті қатерлі жағдайлардың болуына қарамастан еңбекке жарамды адамдардың белгілі бір бөлігі көші-қон субъектісіне айналады. Екіншіден, трансұлттық экономикалық, ғылыми, мәдени байланыстар да интеллектуалдық және технологиялық кәсіби активті еңбек күштерін де өз мүмкіндігін тиімді іске асыру мақсатында қоныс аударуға ынталандырады. Көптеген елдердің тек қаржы инвестициясына ғана емес, интеллектуалдық еңбек күші инвестициясына да сұранысы жоғары. Тағы бір себеп – бірқатар дамыған елдердің халқының және калалардың картаю үрдісі. Сол себепті экономикасы дамыған елдердің арнайы құрылған институциялық жүйелері басқа елдердің қабілетті және білімді жастарын өзіне тартудың ынталандырушы тетіктерін іске қосуда. Алайда тек еңбек күштері ғана емес, саяси-идеялық ықпал ету (діни, саяси, ұлттық экстремизм) және басқа қылмыстық элементтерінің де шекара асып, тамыр жайып, жекелеген қоғамдарды іштен іріту әрекетіне талпынысы артуда. Кейбір өңірлер мен елдерде экономикалық қауіпсіздік мәселесі де ерекшелене бастады. Осы аталған жағдайлардың өзі қазіргі заманғы миграцияны әлеуметтану ғылымы жан-жақты және терең қарастыруға тиісті елеулі зерттеу құбылысына айналдырып үлгерді. Мәселе адамдар және олардың тағдырлары туралы болып отырғандықтан бұл тек мемлекетаралық емес, ең алдымен әлеуметтік қатынастар, әлеуметтік орталардағы адамдық арабайланыстар, әлеуметтік-психологиялық, әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-саяси, яғни, әлеуметке тікелей қатынасы бар өмірлік құбылыстар. Миграция социологиясы теориялық, методологиялық, эмпирикалық және праксеологиялық тұрғыда жан-жақты негізделуге, дамытылуға және оқытылуға тиісті білімдік, әлеуметтік танымдық сала.[1]